

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті



**2014-2018 ЖЫЛДАРЫНА
ҚАЗАҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ЗАҢ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

*(ҚазИГЗУ Ғылыми кеңесінің мәжілісінде қабылданды
Протокол № 2, 17 қазан 2014 ж.)*

Мазмұны:

Преамбула

I бөлім. Миссия, болжау

II бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау және сәйкесінше қызмет салаларының даму қарқыны

III бөлім. Стратегиялық бағыт, мақсаттар мен міндеттер, мақсатты индикаторлар, іс-шаралар мен нәтиже көрсеткіштері

IV бөлім. Жалпы мемлекеттің және аймақтың стратегиялық мақсатына ЖОО стратегиялық бағытының сәйкестілігі

V бөлім. Болжалды қатерді басқару

VI бөлім. Стратегиялық жоспар бағыттарын қаржылай қамтамасыздандыру

Преамбула

2014-2018 жж. ҚазИГЗУ стратегиялық жоспары Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесіндегі соңғы кездері болған өзгерістерді ескерген құжат болып табылады, сыртқы және ішкі ортаны талдауға негізделінеді және оқыту үрдісіне, ғылыми зерттеулер мен ойлап табуларға, тәрбие үрдісіне инновациялық қатынас жасауды дамытуға бейімделген.

2014-2018 жж. ҚазИГЗУ стратегиялық жоспары аймақтың қарқынды индустриалды-инновациялық дамуына негізделген, кең бағыттар тізбегі бойынша жоғары және жоғары білім беруден кейінгі бәсекелестікке қабілетті кадрларды даярлауға бағытталған.

2014-2018 жж. ҚазИГЗУ стратегиялық жоспары басшылыққа алған негізгі нормативті актілер мен мемлекеттің бағдарламалық құжаттары:

1. 30.08.1995 жылдан ҚР Конституциясы;
2. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы;
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» (Астана қ., 11 қараша 2014 ж.)
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылдың 1 тамызынан №874 қаулысымен бекітілген, 2015–2019 жылдарына Қазақстан Республикасы дамуын индустриалды-инновациялық жеделдету бойынша мемлекеттік бағдарламасы.
5. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылдың 1 ақпанынан № 922 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі дамуы стратегиялық жоспары
6. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылдың 7 желтоқсанынан № 1118 қаулысымен бекітілген, 2011 –2020 жылдарына Қазақстан Республикасы білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасы;
7. Қазақстан Республикасы Үкіметімен 26.03.2014 ж. № 258 қаулысымен бекітіліген, 2014 – 2018 жылдарға Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігінің стратегиялық жоспары
8. 27 шілде 2007 жылдан ҚР «Білім беру туралы» заңы
9. 18ақпан 2011 жылдан «Ғылым туралы» заңы

I бөлім. Миссия және көрінуі

Миссия: Аймақтың индустриалды-инновациялық дамуына негізделген, кең бағыттар тізбегі бойынша жоғары және жоғары білім беруден кейінгі бәсекелестікке қабілетті мамандар даярлау

Болжау: Қоғамның өзгермелі талаптары мен күтетін нәтижелерін қанағаттандыруға бағытталған аймақтық университет.

II бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау және сәйкесінше салалар қызметінің даму қарқыны

Стратегиялық бағыт 1. Оқу үрдісін оқытудың нәтижелілігіне бағдарлау

Қызмет салаларын реттеуді дамытудың негізгі параметрлері

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті (ҚазИГЗУ) мемлекеттік білім беру гранттары мен келісім негізінде мемлекеттік және орыс тілдерінде 28 мамандық бойынша бакалавриат, 6 мамандық бойынша магистратура, 1 мамандық бойынша PhD - докторантура мамандарын даярлайтын аймақтағы көп салалы оқу орны болып табылады. Білім берудің көп сатылы жүйесін (бакалавриат-магистратура-докторантура) жүзеге асыру, студенттердің Дублиндік дескриптордың бірінші, екінші және үшінші деңгейлеріне негізделген ЖОО кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алуға мүмкіндік

береді.

Университет қажетті материалды-техникалық базасы бар заманауи ғылыми-білім беру кешені болып табылады. Университеттің инфрақұрылымына 8 оқу ғимараты, 3 спорткешені, оқу-жаттығу кешені, жалпы аумағы 4739,3 м.кв. өзге қалалық (ауылдық) студенттердің тұруына арналған Студенттер үйі кіреді, әрі барлығының да қызмет жасайтын асхана мен дәмханасы бар.

2011 жылдың 27 тамызында университеттің әскери кафедрасы ашылды (Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 977 Қаулысы).

Мамандықтар бойынша күндізгі, кешкі және сыртқы оқу түрінде білім алатын студенттер контингенті 5257 адам, магистратура мамандықтары бойынша – 465 адамдықұрайды. 2014-2015 оқу жылы әлеуметтік әріптестер гранты бойынша 12 студент білім алуда.

Сырттай және кешкі оқу түрі бөлім студенттері орта кәсіби және техникалық білім, екінші жоғары білім базасы негізінде тек қана қысқартылған бағдарлама бойынша оқытылады. Осыған сәйкес, сырттай және кешкі оқу түрі бөлімі студенттерінің саны жыл сайын азайып келеді.

Білім берудің жоғары деңгейін 498 штаттық оқытушы қамтамасыз етеді, соның ішінде 16 ғылым докторы, профессорлар, 230 ғылым кандидаттар, доценттер, 3 PhD докторы бар.

Соңғы жылдары қолданылған шаралардың нәтижесінде, атап айтқандажас ғалымдар мен өзге ПОҚ қызметкерлерінің ғылыми іс сапарлары мен тағылымдамаларын қолдау негізінде 2013, 2014 жылдары 16 оқытушы ғылыми тағылымдамалар мен шетелдік оқу орындарында білім алуға мүмкіндік беретін «Болашақ» халықаралық бағдарламасы стипендиясының иегерлері атанды. Университеттің он бір оқытушысы «ЖОО үздік оқытушысы» республикалық конкурсының жеңімпаздары болып табылады.

Университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен соңғы екі жыл ішінде жиырма бір оқытушы ғылыми тағылымдамадан өтті. Қазақстанның және таяу шетелдердің бірінің ғылыми орталықтары мен ЖОО базасында университеттің 129 оқытушысы біліктілігін жоғарлатты.

Университеттегі білім беру бағдарламасы университеттің оқу үрдісіне2007-2008 оқу жылы енгізілген оқытудың кредиттік технологиясы арқылы жүзеге асырылуда.

2013 жылдан бастап қашықтықтан оқыту технологиясы, ECTSбойынша кредитті қайта есептеудің қазақстандық үлгісі енгізілді.

Университеттің 76 студенті мобильділік бағдарламасы бойынша Қазақстан, Ресей, Чехия, АҚШ, Түркия, Қытай елдерінің ЖОО білім алды.

Кітапхана қоры 636196 дана кітапты құрайды, соның ішінде мемлекеттік тілде 370451 дана кітап. Ғылыми әдебиеттер қоры 32244 дана, соның ішінде мемлекеттік тілде - 14672 дана; көркем әдебиет - 13300 дана, соның ішінде мемлекеттік тілде - 7500 дана. Оқырмандар үшін абонемент жұмыс жасайды, 100 орындық жалпы оқырман залы, 25 орындық ғылыми зал мен медиатека, 60 орындық периодика залы бар.

Мультимедиялық оқыту бағдарламалары мен ақпараттық ресурстарды пайдаланатын оқытудың ақпараттық технологияларын енгізуге, электронды оқу құралдарын жасау, ұжымдық және аймақтық желілерді ойластыруға басты назар аударылған.

Университетте оқытудың жеке білім беру траекторияларын қалыптастыру үшін жағдай жасалынған, оқытудың кредиттік жүйесін қолдауға, студенттердің әкімшелендірілуін қамтамасыз ететін, кредиттік оқыту жүйесі бойынша оқу үрдісін автоматтандыруға бағытталған автоматтандырылған ақпараттық жүйе (АИС) орнатылған Офис-регистратор қызметі жұмыс жасауда.

2012-2013 оқу жылынан бастап университеттің білім беру үрдісіне кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыруда пәнаралық байланысты қамтамасыз ететін модульдік білім беру бағдарламалары енгізілген. Бір мамандықтың ішіндегі модульдердің оқытылу

кезегі әр мамандық түлегі моделін жасау арқылы іске асырылуда. Түлек моделін қалыптастыру үшін университетте әр мамандық топтары білім беру бағдарламаларын талқылау үшін барлық жеке меншік түрлерінің аймақтың мекемелері мен ұйымдары, кәсіпорындары өкілдерінің қатысуымен жыл сайынғы семинарларды өткізу қолға алынған. Семинарды өткізудің басты мақсаты мен міндеті –жұмыс берушілермен әріптестік қарым-қатынастарды орнату.

Негізгі құзіреттіліктер, кәсіби қызметтегі интеллектуалдық және академиялық шеберліктер, кәсіби тәжірибелердің барлық түрлері аймақтың кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелерімен жасалынған келісім негізінде ұйымдастырылған. Университеттің өндірістік тәжірибесін ұйымдастыруға корпоративтік әріптестер қатыстырылады. Тәжірибелер нәтижесінде практика базалары өкілдерінің шақыртылуымен студенттердің білім беру траекториялары мәселелері бойынша қорытынды конференция өткізіледі.

Негізгі кәсіби білім беру бағдарламалары модульдерін ескере отырып, сәйкесінше сала бойынша студенттердің тәжірибелік дағдыларын меңгерту мақсатында 2014-2015 оқу жылынан бастап білім берудің дуальді (қос)жүйесі енгізілген. Семей қаласының «Эскор» ААҚ кәсіпорнымен «Техникалық ғылымдар мен технология» мамандығы топ студенттері үшін кәсіпорын базасында бітіруші кафедра бөлімшесін ашу жөнінде келісім жасалынған.

Университетте бітіруші курс студенттерінің жұмыспен қамтылуына жәрдемдесетін жүйе қалыптасқан, оған ЖОО оқудың барлық кезеңінде болашақ жұмыс берушілер мен студенттердің өзара байланысын қамтамасыз ететін, жеке меншіктің әртүрлі формасындағы ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындардағы бос орындар жөніндегі мәліметтердің электронды қорын қалыптастыратын «Карьера» орталығы жауапты.

Жоғары оқу орындары арасындағы әріптестіктің басым бағыты шетелдік әріптес жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларын жасау болып табылады. 2014-2015 оқу жылынан бастап университетте Қазақстан Республикасының еңбек нарығында сұранысқа ие «Заңтанудағы қолданбалы информатика» мамандығы бойынша Қазақстан-Ресейлік біріктірілген бағдарламасы (қосдипломды білім беру) жүзеге асырылуда. Халықаралық бірлескен білім беру бағдарламаларын ары қарай дамыту мақсатында университеттің оқытушылары мен студенттері шетел тілдерін еркін меңгеруі үшін білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру Орталығы жасақталынды.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету Тәуелсіз қазақстандық агенттігінің мәліметтеріне сәйкес 2014 жылы Қазақ инновациялық-гуманитарлық заң университеті гуманитарлық-экономикалық жоғары оқу орындары арасында 8 орын алды. Осы жылы білім беру сапасын қамтамасыз ету Тәуелсіз қазақстандық агенттігінің, ҚР білім және ғылым Министрлігінің Болон үрдісі мен академиялық мобильділігі орталығының саралауы қорытындысы бойынша бакалавриат мамандығының «Құқық» тобы 4 орын, «Білім беру: пед.ғылымдар - 10 орын, «Білім беру: филология ғылымдары» - 13 орын, «Экономика және бизнес» топтары - 17 орын, «Техникалық ғылымдар мен технологиялар» топтары- 8 орынға ие болды.

2013 жылдың қазан айында университет Білім беру сапасын қамтамасыз ету Тәуелсіз қазақстандық агенттігінен ұлттық институтционалдық аккредитациядан (06.01.2014 жылдан куәлік ІА№ 0023) өтті. 2014 жылдың қараша айында университет мемлекеттік аттестациядан өтті.

Сонымен қатар, оқытудың нәтижелілігіне бағытталған білім беру үрдісін одан әрі жетілдіру мақсатында түлектерді даярлаудың жаңа сапасын қамтамасыз ететін білім берудің мақсаттары мен пәндік сабақтарды өзектендіруден озық, білім беру қызметінің әдістері мен формаларын инновацияландыруға, оның қоғам қажеттіліктеріне бағытталуын қамтамасыз ететін шараларды ойластыру қажет.

Негізгі мәселелерді талдау

Университеттің материалды-техникалық базасы заманауи құрылғылар мен жабдықтармен, әсіресе зертханалық сабақтарды талап ететін техникалық, заңтану, жаратылыстану-ғылыми бағыттағы мамандықтар жасақталған. Мәселен, техникалық

бағыттағы мамандықтар үшін физика, жалпы химия, органикалық және биорганикалық химия, тағам биотехнологиясы, жасуша биотехнологиясы, микробиология және вирусология, клеткалы өсімдіктерді өсіру және т.б. бойынша зертханалар бар. Заңтану мамандықтары үшін сот сараптамасы, криминалистикалық зертхана, электронды тир және т.б. жабдықталған. Сатып алынған материалдық құндылықтар университеттің бюджеттен тыс есебінен алынады. Сондай-ақ, материалдық-техникалық, ақпараттық қорлардың үнемі қымбаттауына алып келетін инфляциялық үрдістер университет инфрақұрылымын қолдауға жұмсалатын шығыс қаражаттарын өсіруде.

Университетте жыл сайын күндізгі бөлім студенттерінің саны өсуде. Сонымен бірге, шетелдік студенттер мен мемлекеттік білім беру гранттары мен әлеуметтік әріптестер гранттары бойынша білім алатын студенттердің саны жеткіліксіз.

Университеттің жоғары білікті профессорлық-оқытушылық құрамының қалыптасуына қарамастан, жалпы білім беру жүйесіне тән мәселелерді атап өткен жөн: ғылыми атақтары мен дәрежесі бар профессорлық-оқытушылық құрамның орташа жасының ұлғаюы, оқытушылардың қатар жұмыс істеуі, оқытушылардың қажетті деңгейде шетел тілдерін білмеуі, университет оқытушыларының таяу және алыс шетелдердегі ЖОО-нан, жеке меншіктің әртүрлі формасындағы кәсіпорындар мен мекемелерден біліктіліктерін жоғарлатуы деңгейінің төмендігі.

Студенттердің халықаралық академиялық мобильділік деңгейінің төмендігі жинақтаудың еуропалық жүйесі мен ECTS академиялық кредиттерін қайта сынақтауды ендіруге толықтай мүмкіндік бермей отыр.

Университетте жыл сайын өткізілетін семинарларда білім беру бағдарламаларын талқылауға аймақтың жеке меншіктің әртүрлі формасындағы ұйымдары, мекемелері мен кәсіпорындары өкілдерінің белсенді түрде қатысуына қарамастан, білім беру бағдарламаларын, жүргізілетін оқу пәндерін рецензиялауға қатысатын жұмыс берушілер белсенділігі деңгейінің төмендігі байқалады.

Студенттердің тәжірибеден өтуі кезінде, ары қарай жұмысқа тұруы қоса қамтылған келісімдер жасау тетігін жетілдіру мақсатында оқытудың дуальді жүйесін ұйымдастыру үшін мекемелер базасын кеңейту қажет.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Сыртқы факторлар:

- студенттерді қабылдаудың сандық және сапалық көрсеткіштеріне Қазақстан Республикасындағы демографиялық жағдайдың кері әсері;
- мектептердегі БҰТ тапсыратын оқушылардың география, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, шет тілі сияқты пәндерді аз таңдауы;
- кадрларды даярлауда әлеуметтік әріптестердің қызығушылығы мен сұранысының төмендігі;
- ЖОО білім беру қызметін реттейтін нормативті құжаттардың өзгеру қарқынының жоғарылығы.

Ішкі факторлар:

- студенттерді даярлау бойынша қайтарымды білім беру қызметін көрсетудің бюджеттен тыс қаржыландыру жүйесіне тәуелділігі.

Стратегиялық бағыт 2. Университеттің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін дамыту

Қызмет салаларын реттеуді дамытудың негізгі параметрлері

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінде ғылыми-зерттеу жұмысы ҚР МЖБС 5.03.011-2006 «ҚР білім беру жүйесі. Жоғары оқу орындарындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары. Негізгі ережелер», ғылыми қызметті реттеу аясындағы ҚР заңнамасы, сондай-ақ университеттің ЖОО ғылыми жұмысын ұйымдастыру аясындағы локальді нормативті құжаттар негізінде жүргізілді. Университеттегі ғылыми-зерттеу жұмысы нақты инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінде ғылыми-зерттеу жұмысын университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы, студенттер мен магистранттар, докторанттар атқарады.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары оқу үрдісімен тығыз байланыста (оның үздіксіз бөлігі ретінде) жүргізіледі.

Университетте жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру 6 мамандықтары бойынша магистранттарды даярлау жүргізіледі, сонымен қатар «заңтану» мамандығы бойынша 2 докторант докторлық диссертацияларын қорғады.

ҒЗЖ нәтижелілігін бағалау келесі көрсеткіштер бойынша жүргізіледі: ғылыми әлеуеті туралы мәлімет; ғылыми қызметінің маңызды жетістіктері; диссертацияны қорғау туралы мәлімет; баспа қызметі; ендіру актілері туралы мәлімет; зерттеулерді орындауға бөлінген гранттар көлемі; біліктілікті көтеру жөнінде мәлімет; ғылыми конференциялар мен семинарлар жұмысына қатысу туралы мәлімет; ғылым саласындағы халықаралық әріптестіктер туралы мәлімет; студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі мәлімет.

Есеп беру кезеңінде университетте ЖОО ғылыми-зерттеу бөлімін дамыту, университеттің ғылыми саясатын жетілдіру бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті базасында төмендегідей ғылыми-зерттеу орталықтары жұмыс атқарады:

1. «Алаштану» ғылыми-зерттеу орталығы;
2. Экономикалық зерттеулердің ғылыми-зерттеу орталығы;
3. «Заңтанудың өзекті мәселелері» ғылыми-зерттеу орталығы;
4. Инновациялық қызметтер ғылыми-зерттеу орталығы.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін анықтау мүмкіндігін алу мақсатында университетте зертханалар жұмыс жасауда: криминалистикалық зертхана; «Сот сараптамасы» зертханасы; клеткалық биотехнология зертханасы; микробиология және вирусология зертханасы; органикалық және биорганикалық химия зертханасы; жалпы химия зертханасы; тағам биотехнологиясы зертханасы; физика зертханалары.

Ғылыми-зерттеу жұмысына қаражатты жұмсау және жоспарлау "Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің ғылыми-зерттеу жұмысына қаражатты жұмсау және жоспарлау" ҚазИГЗУ қаулысына сәйкес жүзеге асады.

Ереже қаржыландыру көздеріне қарамастан негізгі ұстанымдар мен ғылыми-зерттеу жұмысының ғылыми жетекшілері мен ғылыми ұжымдар, қызметтер мен ҒЗЖ атқару барысындағы құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің қарым-қатынасы тәртібін, сондай-ақ келісімдерге отыру мен тапсырыстарды өңдеу, оларды орындау барысында шығындардың сметасын жасау және жоспарлау тәртібін бекітеді.

Соңғы үш жылда ғылымды қаржыландырудың біршама өскені байқалады: 2011 жылы 12 млн. теңге, 2012 ж. – 60 млн. теңге, 2013 ж. – 140 млн. теңге бөлінген.

Соңғы үш жылда ЖОО ПОҚ, жас ғалымдар мен студенттерді ғылыми қызметпен белсенді баспаға шығаруға ынталандыруды енгізу мен дамыту тетіктеріне басты назар аударылып отыр. Бұл әртүрлі ЖОО конкурстардың енгізілуі, студенттер мен магистранттардың белсенділігін мадақтау, шетелдік цитаталанатын ғылыми журналдар басылымына жариялануға ынталандыру және т.б.

Ынталандыруға жаңа қаржылық және ұйымдастырушылық шараларын енгізу университеттегі ғылыми үрдісті белсендендірді.

Университеттің аймақ пен республиканың ғылыми жүйесіндегі қатысу аумағы кеңейді. Қазіргі таңда, университетте 13 инициативтік тақырыптар бойынша ғылыми зерттеулер, 2 бірлескен халықаралық жобалар, 1 ҚР Президентінің тұңғыш Фонды гранты бойынша жоба жүргізілуде. Сонымен қатар, университет 2012-2014 оқу жылына ҚР БҒМ қаржыландыратын, жалпы құны 144 млн. теңгені құрайтын гранттар аясында 6 ғылыми жобаның атқарушысы болып табылады.

Шетелдік рейтингілік баспаларда университет ғалымдарының басылымы

белсенділігі байқалады. 2012-13 оқу жылында 4басылымды құраса, 2013-2014 оқу жылында 10басылымға дейін жеткен.

Студенттердің жетістіктері бойынша 1,2,3 дәрежелі дипломдармен 2012-2013 оқу жылы 19-ымарапатталса, 2013-14 оқу жылы бұл сан 58-ге жеткен.

Ғылыми саясаттың жаңа тетіктері кадрлық әлеует жағдайын тұрақтандыруға септігін тигізді, әрі жастардың ғылымға деген қызығушылықтарын арттырды. Қазіргі таңда 35 жасқа дейінгі ғалымдардың мөлшері пайыздық жүйемен 50% құрайды. ПОҚ орташа жас мөлшері - 35-37 жас.

Сондай-ақ, қазақстандық ғалымдардың Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы аясында ғылыми тағылымдамадан өтуіне мүмкіндік тууына орай 2012-2013 жылы университеттің 11 қызметкері стипендия иегерлері атанды.

Ғалымдардың сапалы ғылыми өнімділігі үшін мемлекеттік ведомствалық марапаттар, стипендиялар мен атақтар маңызды стимулға айналды. Есеп беру кезеңінде, 2 оқытушы «ЖОО үздік оқытушысы» атағына ие болды, 1 оқытушы жас ғалымдарға арналған мемлекеттік стипендияның иегері атанды.

Университетте барлық ғалымдар үшін Thomson Reuters, Springer, Elsevier әлемдік ақпарат қорларына қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Халықаралық ғылыми әріптестік даму үстінде – ҚР БҒМ келісімімен 30 астам шетелдік жоғары оқу орындарымен келісім жасалынған. Университеттің шетелдік әріптестері ішінде АҚШ, ҚХР, Франция, Италия, Чехия, Түркия, Ресей, Белорусия, Қырғызстан және т.б. елдердің университеттері бар.

Университетте ғылыми жұмыспен айналысуға барлық материалды-техникалық және ақпараттық жағдайлар жасалынған, зертханаларды жаңарту жүргізілген, жаңа заманауи ғылыми орталықтар мен зертханалар ашылған.

Негізгі мәселелерді талдау

Ғылым мен өндіріс байланысының әлсіздігі байқалады, атап айтқанда аймақтың экономикалық дамуының басым бағыттары бойынша университеттің ғылыми зерттеулерін практикалық жүзеге асырудың төмен деңгейде болуы. Ғылыми сала мен ғылыми орталықтар жұмысына жас мамандардың аз деңгейде тартылуы. Ғылыми зерттеулерді толықтай коммерциалаудың жеткіліксіздігі және шаруашылық келісімдері негізінде ғылыми зерттеулерді жүргізуден түсетін кірістің аз мөлшерде болуы сақталуда. Шетелдік ғалымдарды ғылыми зерттеулерге тарту, қатыстыру мен халықаралық ғылыми жобаларды орындаудың аз мөлшерде болуы байқалады.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Сыртқы факторлар:

- Орта және орта-кәсіби білім беру топтарында ғылыми зерттеу жұмыстарының қажетті деңгейде қалыптаспауы және кадрларды PhD жүйесі бойынша даярлау мөлшерінің жеткіліксіздігіне байланысты ғылымдағы кадрлық әлеуеттің жетіспеушілігі.

- Ғалымдардың өзінің ғылыми әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, жағымды келешегін қамтамасыз ететін өзге салаларға кетуі.

- Халықаралық ғылым және білім беру кеңістігіне университет ықпалдасуының нормативті, ұйымдастырушылық және материалдық тетіктерінің қажетті мөлшерде жетілмеуі.

Ішкі факторлар:

- ғылыми ойлап табулардың қажетті көлемде коммерцияланбауы.

- ел мен аймақтың дамуының басым бағыттарына сәйкес ғылыми зерттеулердің қажет мөлшерде жаңартылмауы және ЖОО ғылымдағы жаңа бағыттар мен ағымдарды аз мөлшерде елеуі.

- ғылыми зерттеулердің нәтижелілігінің төмен деңгейде болуы және университет ғалымдарынан аз дәйексөз келтірілуі.

Стратегиялық бағыт 3. Университеттің тәрбие және әлеуметтік жұмысы Қызмет салаларын реттеуді дамытудың негізгі параметрлері

Бәсекелестікке қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлауға септігін тигізетін білім беру технологияларын жетілдірумен қатар, Қазақстанның, аймақтың, қаланың, ЖОО-ның алдында тұрған мәселелер көлеміне жауап беретін, студенттік жастардың белсенділіктері мен өзін-өзі қалыптастыруын жүзеге асыруда септігін тигізетін тәрбие жұмыстарының формаларын, әдістерін, мазмұнын жаңарту университеттің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Тәрбие жұмысының алға қойған мақсатына жету үшін университетте тәрбие жұмысының бағыттары мен мазмұнына, негізгі мақсаттары мен міндеттеріне, ұстанымдарына қатысты ғылыми негізделген көзқарастардың жиынтығы болып табылатын Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің тәрбие жұмысының Тұжырымдамасы жасалынды.

Тәрбие жұмысы Тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында университетте университеттің құрылымдық бөлімі болып табылатын Жастар саясаты орталығы (ЖСО) жұмыс атқарады және ол студенттердің тұлғалық өсуі мен өзін-өзі қалыптастыруға, болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін дамытуға оңтайлы жағдай жасайды.

Студенттік өзін-өзі басқару жалпы жоғары оқу орны жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және студенттік өмірді ұйымдастырудың маңызды міндетін атқарады. ЖОО студенттік өзін-өзі басқару қызметі «Студенттік өзін-өзі басқару ережесі» университет ішілік нормативті құжаттарына сәйкес ұйымдастырылған. Бүгінгі таңда студенттік өзін-өзі басқару жүйесі қалыптасқан және келесідей ұйымдар арқылы жұмыс атқаруда:

- «Қазақстан жолы» тәрбиелік-білім беру орталығы;
- «Үркер» шығармашылық тобы;
- «Жас Отан» жастар қанаты;
- «ҚазИГЗУ студенттер Альянсы»;
- «Жас заңгерлер достастығы» қоғамдық қоры;
- «ҚазИГЗУ КТК бірлестігі»;
- «Асыл Арна» дебат клубы;
- «Ақ ниет» қайырымдылық ұйымы.

Студенттік өзін-өзі басқарудың басты мақсаты студенттердің бойында азаматтық белсенділікті тәрбиелеу, оқуға, қоғамдық қызметке шығармашылық қарым-қатынас жасату мен болашақ мамандар бойында көшбасшылық қасиеттердің қалыптастыру. Студенттік өзін-өзі басқару жұмысының басым бағыты университет пен «Студенттер үйіндегі» өзін-өзі басқару жүйесін бір ізге түсіру, әлеуметтік белсенді студенттерді дамыту, әлеуметтік инициативаларды қолдау, тереңдету және дамыту, оқу және ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру мен қадағалау, оқудың тиімділігі мен жетістіктерін жетілдіру, студенттердің өз бетінше шығармашылық қызметін белсендендіру, сонымен қатар студенттер өміріндегі маңызды мәселелерді шешу және т.б. бағытталған.

Мәселен, «Қазақстан жолы» тәрбиелік-білім беру орталығы 2014 жылы қалалық ішкі саясат бөлімі мамандарының қатысуымен келесідей шараларды өткізген:

- ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050»: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауын талқылау мен ақпараттық қолдау бойынша іс-шара;
- Барлық академиялық топтарда келесі тақырыптар бойынша кураторлық сағаттар: «Президент жолдауы – болашаққа бастар жол», «XXI ғасырдағы мүмкіндіктер аясы», «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы» және т.б.

«Үркер» шығармашылық тобының жетекшілігімен университет студенттері облыстық және республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. 2013 жылы ғашықтар күніне орай өткен «Қозы көрпеш – Баян сұлу» қалалық байқауында біздің студенттер «Жарасымды жұп» номинациясына ие болды. Республикалық ақындар сайысында гуманитарлық факультеттің 3 курс студенті 1 орынға ие болды.

Университеттің «Жас Отан» жастар қанаты Семей қаласының ішкі саясат бөлімімен бірлесе отырып 2014 жылы ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Жалпы білім беру пәндері кафедрасының басшысы, саяси ғылымдар докторы, профессор, полиция подполковнигі Ж.А.Шалабаевпен «Халықаралық терроризм мен экстремизм: қауіп факторлары, таратылу қарқыны мен алдын алу шаралары» тақырыбында кездесу ұйымдастырған болатын. «Жас Отан» жастар қанаты координаторы-заңтану факультетінің студенті Жуматаев Азамат «Нұр Отан» ХДП XV съезіне делегат ретінде таңдалынып алынған болатын.

«Жас заңгерлер достастығы» қоғамдық қорымен (ары қарай –«ЖЗД» ҚҚ) әлеуметтік жобаны жүзеге асыру барысында 2013 жылы қала тұрғындарының 150 астам азаматына Студенттік заңтану клиникасында құқықтық көмек көрсетілген болатын.

Жас өспірімдердің құқықтық сауатсыздығын жою мақсатында «ЖЗД» ҚҚ мүше студенттер жыл сайын ШҚО (Өскемен қаласы, Семей қаласы, таяу аудандар) жастары үшін құқықтық семинар-тренингтер өткізуде. 2013 жылдың қыркүйегінен желтоқсанына дейін «ЖЗД» ҚҚ мүше студенттердің ҚазИГЗУ 1 – 2 курс студенттері болып табылатын мақсатты топтарда кәсіби біліктілікті дамыту мақсатында семинар-тренингтер ұйымдастырылған болатын. Тақырыптар шешендік өнерге, көшбасшылық пен топ жасақтауға арналған болатын. Семинар нәтижесінде тренингтің әр қатысушысы өзін қызықтыратын тақырып бойынша өзіндік бағытын анықтады.

«Асыл арна» дебат клубының координаторы, заңтану факультетінің студенті Қожабергенов Алмас Шыңғыс Айтыматов атындағы Халықаралық дебат Академиясында (Қырғызстан, Шолпан ата қаласы) 72 сағат көлемінде «Барлық әлемдік (британдық) парламенттік форматтағы дебаттар» біліктілігін жоғарлату курстарынан өтті. Курс аяқталғаннан кейін Қожабергенов Алмас қала жастары арасында дебаттық ойындар бойынша тренингтер өткізді.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту, құқықтық сана мен жастардың саяси сауаттылығын арттыру, қоршаған ортаға құндылықты қарым-қатынас жасау, университеттің әскери кафедрасының студенттері мен офицерлерімен жыл сайын жастардың инициативаларын қолдау бойынша шаралар ұйымдастырылып өткізілуде.

Әскери кафедраның офицерлік құрамымен жүргізілген әскери-патриоттық және тәрбие жұмыстары қазақстандық патриотизм сезімі мен Отанға деген махаббатты оятуға, болашақ офицерлердің ел қорғауға әзір болуына тәрбиелеуге бағытталған.

Студент жастармен жұмыс жасаудың бір бағыты толерантты сана мен мінез-құлықты қалыптастыру, сенім төзімділігі мен адамзатты сүюге тәрбиелеу, әртүрлі экстремизмдердің алдын алу мен оларға қарсы тұру жолдарын үйрету. Жұмыстың бұл түрлері Қазақстан үшін бүгінгі таңда өте өзекті, себебі мемлекетіміз көп ұлтты, көп дінді және аралас мәдениетті.

Діни-экстремистік көріністердің алдын алу стратегиясының тиімділігі студент жастарды мәдени және конфессиялық әртүрлілігі мен елдердің біртұтастығы, діни төзімсіздіктің тарихы мен нәтижелері, геноцид пен өзге де қылмыс түрлері, діни экстремизмдердің туындауынан шыққан нәтижелер туралы жан жақты ақпараттандыру болып табылады.

Осы мақсатта университеттің жастар ұйымдары мен оқытушылары академиялық топтарда «Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет», «ЖОО толеранттық мәдениетін тәрбиелеу», «Жаһандану жағдайында конфессияаралық келісімді дамыту», «Діни экстремизмге қарсы құқықтық негіздер» тақырыбында кураторлық сағаттар мен дәрістер оқылуда.

Жыл сайын ЖОО-мен тәрбие жұмысына 250 000 – 400 000 теңге бөлінеді. 2008 жылдан 2013 жылға дейін ЖОО жүргізілетін тәрбие шараларына 3 017 847 теңге бөлінген. Мысалы, студенттердің алтыншы аймақтық құқықтық олимпиядасын өткізуге 25 000 теңге, «Желтоқсаным – жыр дастаным» шарасын өткізуге - 8 000 теңге, «Наурыз аруы - 2011» мерекелік шарасын өткізуге - 42 802 теңге, «Встреча с воинами-

интернационалистами» шарасын өткізуге - 15 027 теңге, «Наурыз Аруы - 2012» мерекелік шарасын өткізуге- 86 450 теңге, «ҰОТ қазақстандықтар» жаңа фильмінің және «Бүгінгі күннің қаһармандарын өсіру» кітабының тұсаукесеріне - 16 875 теңге, «Балаларды қорғау күніне» Балалар үйіне ойыншық алуға - 15 000 теңге, «Жігіт сұлтаны» сайысын өткізуге - 20 300 теңге, Отан қорғаушылар күніне арналған шараға - 194 250 теңге, «Әуезов оқулары - 2012»шарасын өткізуге - 320 294 теңге, Ректор Кубогына футбол бойынша өткен сайысқа – 100 000 теңге, «Білім күні» мерекелік шарасын өткізуге- 633 185 теңге, Ректор Кубогына КТК ойындарын өткізуге – 22 600 теңге және т.б.

Сонымен қатар, сайыс қатысушыларына ынталандыру сыйлықтары мен мақтау қағаздары берілді, сондай-ақ жыл сайын оқуда, ғылым мен шығармашылықта, спорттық және мәдени шаралар саласында белгілі бір жетістіктерге жеткен студенттер мақтау қағаздарымен, мадақтамалармен, дипломдармен және құнды сыйлықтармен марапатталуда.

Осылайша, ЖОО басшылығы оқудан тыс қызметтердің түріне барлық қаржылай жағдай жасауда.

ЖОО басшылығымен студенттің, оқытушылар мен қызметкерлердің тұлғалық және жеке дара дамуына барлық жағдайлар жасалынған. Мәселен, университет базасында жаттығу залы (бокс, жүзу, ауыр атлетика, спорттық кешендер және т.б. бойынша) жұмыс жасауда, онда ЖОО оқытушылары мен студенттері арасында әртүрлі жарыстар, спартакиадалар өткізілуде. 19 студент халықаралық спорт жарыстарының жеңімпаздары болып табылады. ЖОО спорттың жаздық түрлері баскетбол, волейбол, футбол, үстел теннисі, атыс, тоғыз құмалақ және Дайдо-Джуку Кудобойынша секциялар жұмыс жасауда, сонымен қатар шаңғы спорты сияқты спорттық ойындардың қыстық түрлері университеттің қала шетіндегі базасында өткізіледі.

Студенттерді әлеуметтік қолдау университеттегі жүргізілетін басым бағыттардың бірі болып табылады және ол ЖОО студенттерінің білім алуына оңтайлы жағдай жасау мақсатында әлеуметтік мәселелерді шешуді қамтамасыз етеді.

Университет студенттерін әлеуметтік қолдау бойынша барлық шаралар университет ішілік құжатқа «Оқу ақысына жеңілдіктер мен ректор грантын тағайындау туралы қаулыға» сәйкес жүргізіледі.

Университетте ректор гранты тағайындалған (оқу ақысына 100 %-дық жеңілдік). Ректор гранты БҰТ нәтижесі бойынша 90 және одан жоғары балл алған, «Алтын белгі» белгісінің иегерлері мен әлеуметтік аз қорғалған студенттерге беріледі. Сонымен қатар, жетім студенттер мен мүгедек студенттердің оқу ақысына 25 %-дық жеңілдік қарастырылған.

Университетте бір отбасынан екі бала оқитын жағдайда олардың біреуінің оқу ақысына оқудың барлық кезеңіне 10 %-дық жеңілдік тағайындалады. Университет Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде жоғарыда аталған жеңілдіктер мен материалдық көмектердің университет студенттеріне көрсетілу туралы бұйрық шығарылады.

Заманауи құрылғылармен жабдықталған 12 оқу-әкімшілік және оқу-жаттығу ғимараттары студенттердің иелігінде. Барлық ғимараттарда жергілікті компьютерлік желілер орнатылған. Тұрғылықты үйге мұқтаж барлық студенттер толықтай жабдықталған «Студенттер үйінде» жатын орынмен қамтылады.

«Студенттер үйі» бес қабатты жалпы көлемі заманауи талаптарға сай келетін қолайлы ғимарат болып табылады:

- екі орынды бөлмелер студенттерге 4-5 қабаттардан беріледі, жеке санитарлық тораптармен, душпен жабдықталған;

- 2 және 3 орынды бөлмелер 2-3 қабаттарда орналасқан, әрі бір блокка біріктірілген, жеке санитарлық тораптармен және екінші қабатта 2 душбөлмелерімен жабдықталған;

- тәжірибелік сабақтарға дайындалу үшін әр бөлмеде интернет желісіне шығу мүмкіндігі қарастырылған;

- бірінші қабат асхана жұмыс жасауда, медициналық кабинет және медициналық оқшаулау бөлмесі бар;

- студенттердің бос уақыттарын мәдени ұйымдастыру мақсатында жатақханада 30 орындық қонақүй түріндегі демалыс бөлмесі жабдықталған, кабельді телеарналарға қосылған, мультимедиялық және видео-аппаратура бар, кинозал мен кітапхананың оқырман залы жұмыс жасауда;

- шаруашылық-тұрмыстық қолдау жағынан әр қабатта тоңазытқышы және электроплитамен жабдықталған ас әзірлеуге арналған 2 тұрмыстық бөлмеден бар;

- территориясыабаттандырылған: орындықтар орнатылған, гүлдер, газондар мен ағаштар егілген.

Университеттің ары қарайғы қызметі осы басым бағыт бойынша ЖОО тәрбие жұмысын жетілдіру мен тиімділігін арттыруға, болашақ мамандардың тұлғалық және кәсіби өсуіне жағадай жасауға бағытталады.

Негізгі мәселелерді талдау.

Жастардың экономикалық және әлеуметтік әлеуетін жүзеге асыруда жобалық амалдартетігінің жоқтығы.

Мемлекеттік жастар саясаты саласындағы заңнамаларжетілдірілмеген.

Заңнамалық деңгейде жастардың спорттық, бос уақытын өткізу мекемелеріне, шағын бизнесті несиелеу және т.б. үшін жеңілдікті жағдайлардың қамтамасыз етілмеуі.

Жастар ұйымдарымен жүзеге асырылатын әлеуметтік маңызды жобаларының сапасын мониторингілеу жүйесінің әлсіздігі.

Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау

Сыртқы факторлар:

- ішкі саяси тұрақтылық;
- тұрақты әлеуметтік-саяси даму;
- әртүрлі бұлдіргіш діни ұйымдардың әсері;
- жастар үшін қауіптің көбеюі (қылмыс, наркомания, ішімдікке салыну, өз-өзі қол жұмсау және т.б.)

Ішкі факторлар:

-республикалық, аймақтық, жергілікті мемлекеттік құрылымдармен ЖОО жастар қоғамдық ұйымдарының бірлескен әрекеті жүйесі жайғастырылған;

- шығармашылық бастамаларын белсендендіру, студенттік өзін-өзі басқаруды кеңейту негізінде студенттердің тұлға ретінде қалыптастыруы мен дамуы үшін жағдай жасау және университет өмірінің барлық саласына оларды қатыстыру.

III бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар мен міндеттер, мақсаттық индикаторлар, шаралар мен нәтижелер көрсеткіші

Стратегиялық бағыт 1. Білім беру үрдісін оқытудың нәтижелілігіне бағдарлау

Мақсат 1.1. Оқытудың нәтижелілігіне бағдарланған аймақтағы жоғары және жоғары білім беру бойынша кадрларды кәсіби даярлау жүйесін дамыту

Мақсатты индикаторлар (нәтижеге жету нақтылы мерзімін (кезеңін) көрсету)	Өлшем бірлігі	Есеп беру кезеңінде		Жоспарлы кезеңде				
		2012 жыл (есеп)	2013 жыл (есеп)	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1	3	4	5	6	7	8	9	10
ЖОО бітіргеннен кейінгі бірінші жыл ішінде мамандық бойынша жұмысқа орналасқан	%	32	38	41,2	45	50	55	60

университет студенттерінің үлесінің өсуі									
ЖОО бітіргеннен кейінгі бірінші жыл ішінде ЖОО мен ғылыми ұйымдарға жұмысқа орналасқан магистратураны бітірген университет түлектерінің үлесінің өсуі	%	65	76	81	86	90	100	100	
Университеттің ұлттық рейтингіге қатысуы	Рейтингтегі орны	-	-	8	6	5	5	4	
Университеттің және білім беру бағдарламаларының аккредитациялануы	ЖОО білім беру бағдарламаларының жалпы санынан %	-	университет аккредитациядан өтті	34	50	66	80	100	

Мақсаттық индикаторға жетудің жолы, құралдары мен әдістері

Тапсырма 1.1.1. Студенттер мен магистранттардың білімінің жоғары сапасы талаптарын сақтап, оқытудың әдістері мен тәсілдерін жетілдіру мақсатында жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім берудің сапасын ғылыми-зерттеу мен жоғарғы оқу орындарын, соның ішінде шет елдік ЖОО қоғамдастықтарын, жұмыс берушілерді білім беру үрдісіне қатыстыру есебінен жоғарлату.

Тікелей нәтижелер көрсеткіші	Өлшем бірлігі	Есеп беру кезеңінде		Жоспарлы кезеңде				
		2012 жыл (есеп)	2013 жыл (есеп)	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1	3	4	5	6	7	8	9	10
Ғылыми-зерттеу және ЖОО қоғамдастығы өкілдерінің қатысуымен жасалынған модульдік білім беру бағдарламаларының үлесі	%	-	-	11,4	17,1	22,8	28,5	34,2
Университетте жүзеге асырылудағы білім беру бағдарламаларының жалпы санынан шет елдік ЖОО қатысуымен бірлескен білім беру бағдарламаларының үлесі	%	-	-	2,8	5,7	11,4	17,1	17,1
Жұмыс берушілердің қатысуымен модульдік білім беру бағдарламаларының үлесі	%	-	60	80	100	100	100	100
Жұмыс берушілердің сараптамасын алған модульдік білім беру бағдарламаларының үлесі	%	5,7	60	80	100	100	100	100

Жұмыс берушілермен өндірістік тәжірибе базаларымен қамтамасыз етуге келісім жасалынған білім беру бағдарламаларының үлесі	%	2,8	2,8	11,4	17,1	28,5	40	40
Білім берудің қосарлы жүйесін қамтамасыз ететін модульдік білім беру бағдарламаларының үлесі	%	-	-	5,7	5,7	17,1	28,5	28,5
